

**"Ақпараттық қызметтер көрсету рыногында ақпарат берушілердің, кредиттік бюролардың және кредиттік есептерді алушылардың (кредиттік тарих субъектілерін қоспағанда) қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 23 наурыздағы № 72-б бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 17 наурыздағы № 275 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақпараттық қызметтер көрсету рыногында ақпарат берушілердің, кредиттік бюролардың және кредиттік есептерді алушылардың (кредиттік тарих субъектілерін қоспағанда) қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 23 наурыздағы № 72-б бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3605 болып тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2005 жылғы 20 қыркүйекте № 172 (906) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберуді;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне, сондай-ақ бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығына» ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
Ж. Қасымбек

министрінің міндетін атқарушы

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан

Ұлттық

банкiнiң

Д.

Республикасының

төрағасы

Акишев

-----  
2016 жылғы 18 мамыр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК